



АЛЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№40 (154) 18 қыркүйек 2026 жыл

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Мерейленген «мерейлі отбасы»

Өткен жұма күні Балқаш ауданында «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» тақырыбында есте қаларлық тағылымды үлкен шара өтті. Алған әсер бір бөлек те, одан түйген ой ұлан-асыр болды. Бұл шараға Қонаев қаласы мен сегіз ауданның ардагерлер ұйымдарының төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктердің төрайымдары қатысты.

Алыстан ат шалдырып келген ардагерлер ең алдымен аудан орталығы Бақанас ауылындағы мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етуден бастады. Одан әрі жаңадан ашылған тарихи-танымдық мұражайды тамашалауға жалғасты. Мұражайда қонақтарды қарсы алған Балқаш ауданының Құрметті азамататы, өлкетанушы Зәуреш Демукұлова мұражайдың төрт залын асықпай таныстырып шықты. Келушілерді таң тамаша қалдырғаны әр зал заманауи цифрлық ақпараттық панельдермен, аудио және бейнетехникамен толық жабдықталғаны. Мұнда өңірдің тарихы, жергілікті этнографиясы, өлкеден шыққан тұлғалар мен тарихи жәдігерлер, флорасы мен фаунасына және Дінмұхамед Қонаевтың өмірі мен қызметіне арналған жеке зал орналасқан. Мұражай қорында екі мыңға жуық жәдігер жинақталыпты. Тарихи жәдігерлермен таныса жүріп өткеніміз бен бүгінгімізді байланыстырған құнды мәліметтерге қанықтық.

Мәдениет үйінде біздерді өнер мектебінің жас домбырашылары күмбірлете төккен күймен қарсы алса, қаз-қатар қойылған колөнер туындылары өз ерекшеліктерімен баурап алды. «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» тақырыбына арналған іс-шара өткенімізді ұлықтап, салт-дәстүрімізді дәріптеп, бірлігімізді нығайтуға, жас ұрпақтың бойына елдік пен еңбектің қадірін, ұлттық тәрбиені сіңіруге молынан үлес қосатындығын айшықтап тұрды.

«Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде ардагерлер мен аға буының орны ерекше. Олар-ел тарихы-

ның куәгерлері, өмір тәжірибесінің иелері. Қазіргі жаһандану дәуірінде жастар әлемдік ақпарат кеңістігінің белсенді қатысушысына айналды. Бұл үлкен мүмкіндіктермен қатар, ұлттық болмысымызды сақтауға жауапкершілік жүктейді. Жастар заманауи білім мен технологияны меңгере отырып, өзінің ұлттық тамырынан ажырамауы қажет. Ана тілін білу, тарихын құрметтеу, ұлттық мәдениетті бағалау, салт-дәстүрді сақтау-әрбір азаматтың парызы. Сондықтан тарихымызды танып, үлкендердің өне-



гесін тыңдап, ұлттық құндылықтарымызды ардақтау-болашаққа жасалған маңызды қадам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ұлттық бірегейлікті сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осындай мазмұнды іс-шаралар арқылы біз жастардың бойына отансүйгіштік рухты, адалдық пен еңбекқорлық

қасиеттерді сіңіреміз», – деді өзінің құттықтау сөзінде Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов. Аудан басшысы Бақанас ауылының ардагерлері Қайыпбек Шаяхметов, Қанатбек Дүйсенов, Күләш Ахмадиеваларға Алғыс хат табыс етті.

Келесі сөз кезегін алған Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов ардагерлер ұйымының алдында жастарға патриоттық тәрбие беру, аға буының өмірлік тәжірибесін жеткізу, отбасылық және адамгершілік құндылықтарды нығайту міндеттері тұрғанын атап өтті.

«Біз – «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп үлкенін қадір тұтқан халықтың ұрпағымыз. Ел мүддесін бәрінен биік қойып, ұрпағына ұлылығын ұялата білген ардагерлерімізді құр-



сақтай білген қасиетті Балқаш жерінде облысымыздың барлық аудандардың ардагерлері бас қосып отырмыз. Ұрпақтар сабақтастығы – бұл тек өткеннің, осы шақтың және болашақтың байланысы туралы сөздер емес. Бұл-әр ұрпақтың келесі ұрпақ алдындағы жауапкершілігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық Орталық кеңесінің төрағасы Әбілғазы Құсайынов буынға құрмет көрсету-ұлттық құндылықтарымыздың өзегі екенін жеті бағытта атап көрсетті. Бүгінде облыстағы 150 мыңнан астам ардагерді біріктірген ұйым қоғамдық келісімді нығайтуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рухты сіңіруге зор үлес қосып келеді. Аға ұрпақтың үздік дәстүрлерін сақтай отырып және жастарға жасампаздыққа ұмтылысты бергенде ғана біз бірге қуатты, білімді әрі гүлденген Қазақстанды құрамыз», – деп Ерболат Сапарұлы Балқаш ауданының Құрметті азаматы Балапан Әділханованы, Амангелді Қалиақпаровты, Несіпбай Сқабаевты және Өмірзақ Нұртаевты Алғыс хатпен марапаттады.

Салтанатты іс-шара Белсенді ұзақ өмір орталығы мүшелерінің спорттық биімен басталып, егде тартса да әлі де өмірге құштар жандардың ки-

мыл-қозғалысына, жиналған қауым риза көңілмен қошемет білдірді. Ұлттық мұра-тек өткеннің еншісі емес, ол-келешектің темірқазығы екендігін бір-біріне жақын орналасқан үш ауыл ардагерлерінің бірлесе әзірлеген сахналық қойылымдарды зал көрермендерін тәнті етті. Әрқайсысы әр ауылда тұрса да, жұдырықтай жұмылып, береке-бірліктеріне сызат түсірмей мақсат-міндеттерін соңына дейін жауапкершілік танытулары жас буын өкілдеріне өнеге-үлгі екендіктерін айтқызыбай-ақ айғақап тұрды.

Қысқа қайырып айтсақ, Қараой, Көктал, Ақкөл ауылдарының өкілдері көрсеткен «Бесікке салу», «Қырынан шығару», Миялы, Бақбақты, Бірлік ауылдарының «Тұсау кесу», «Тілашар» көріністері, Топар, Желтораңғы, Ақжар ауылдарының «Сыра салу», «Қыз ұзату», Күйған, Жиделі, Балатопар ауылдарының «Келін түсіру», «Беташар», Ақдала, Береке, Бақанас ауылдарының «Ерулік беру», «Құда түсу» қойылымдары дәстүрлі танымдық жағынан залға жиналған көрермендерді өздеріне баурап, шеберліктерімен тамсантты.

Балқаш төріне келген ардагерлер тағылымды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, ықыласты көңілмен баталарын берді.

ХОРОШАЯ НОВОСТЬ

Новый парк в центре ОТЕГЕН БАТЫРА

На днях его торжественно открыли для жителей райцентра.

Это событие ждали несколько месяцев. По одной из главных улиц Отеген батыра - Титова - на днях состоялась презентация нового объекта. Открылся парк отдыха.

Небольшое отступление. Когда весной с. г. на участке между мечетью и зданием районного отдела образования строители возвели глухой забор, у жителей возникли вопросы. Многие гадали: что же здесь построят? Уж не очередную ли торговый дом? Последних, заметим, в райцентре с лихвой, а вот мест для отдыха явно не хватает для растущего населения.

К счастью, опасения были напрасны.

Пройдёмся по новому общественному пространству. Что мы здесь видим? Вся территория устлана новой светлой брусчаткой. Строители установили красивые урны, парковые скамейки из композиционного мрамора.

Ближе к мечети расположена зона воркаута для туристических и любителей уличной гимнастики. Есть места



для игры в теннис и шахматы, тренажёры для ног и бёдер.

На противоположной стороне – игровая зона для детей: качели, круговые лавочки вокруг растущего дерева, кубические перголы, беседки. Везде аккуратные газоны с кустарниками и цветами, предусмотрено капельное орошение.

В западной части сквера, вдоль металлического забора, пока пустует подиум, где, по слухам, будет уличный фудкорт. Вся территория будет освещена, установят камеры видеонаблюдения.

Хотелось бы в будущем видеть некоторые объекты, к примеру, шахматные столы с лёгким навесом-зонтом, защищающим от солнца и дождя. Желательно также увеличить ассортимент имеющихся тре-

нажёров, которых, надо признать, пока маловато.

Если брать всю улицу Титова – от «Пяточки» до улицы Витковского, – то здесь также произошли большие изменения. Уложено более 6 тысяч квадратных метров брусчатки, по обе стороны дороги установлено 84 светильника, десяток симпатичных скамеек и урн, проложены бетонные арыки.

Но вернёмся к церемонии. Мероприятие лично посетил аким района К. Жаксымбетов, а также председатель районного маслихата М. Карибаев, заместитель акима района М. Курманғалиев, аким посёлка Отеген батыр Т. Омаров и сопровождавшие их лица.

В поздравительной речи Кайыржан Серикбаевич сказал:

«Уважаемые жители села Отеген батыр и гости!

Сегодня для всех нас радостный день - мы собрались на открытии нового парка. Отмечу, что на территории села Отеген батыр реализуется ряд важных проектов, направленных на повышение качества жизни населения. В частности, проведены работы по благоустройству улицы Титова, а также открыта дорога, соединяющая улицы Ауэзова и Жансугурова.



Благоустраиваются территории у памятника ветеранам Афганской войны (улица Батталханова), и, вокруг новой достопримечательности посёлка – 40 метрового флагштока («Западные ворота» при въезде в село). Все эти

работы направлены на улучшение архитектурного облика села, формирование комфортной общественной среды для жителей.

Верю, что открывающийся сегодня новый парк станет любимым местом отдыха жителей. Выражаю благодарность всем гражданам, строителям, подрядным организациям и сотрудникам местных исполнительных органов, принявшим участие в реализации этого благого дела.

Пусть ваш труд и дальше служит на благо страны! Пусть процветает село Отеген батыр и продолжается социально-экономическое развитие нашего района!»

С приветственным словом

шашу. На падающие на землю конфеты тут же слеталась шустрая и шумная детвора.

Аким района вместе с командой прошёлся по парку, беседовал с жителями, молодыми мамами, участниками Центра активного долголетия.

Группы по лечебной физкультуре, йоге, цигуну, укреплению памяти, а также шахматисты продемонстрировали свои способности в выбранных направлениях.

Мы попросили высказать своё мнение руководителя Илийского филиала Центра активного долголетия Зауре Аккасову.

- Мы очень рады появлению такого пространства рядом с нашим Центром долголетия. Теперь мы, по согласованию с акимом, могли бы проводить на свежем воздухе занятия по скандинавской ходьбе, ЛФК, китайскому цигуну, танцам. Здесь есть возможность организовывать «Дискотеки 60+», спортивные эстафеты, праздничные мероприятия и т. п.

Спасибо большое нашему акиму района К. С. Жаксымбетову и акиму села Т. А. Омарову за такой нужный подарок и пенсионерам, и работающим жителям, и детям. Каждый найдёт здесь возможность провести время с пользой для здоровья, - сказала наша собеседница.

Рамазан ЕЛЕШЕВ, с. Отеген батыр

● АЛТЫН ОРДА - ТАРИХИ САНА МЕН БАБАЛАР АМАНАТЫ

Жошы ұлысында исламның таралуы

Алтын орда (1243-1503) – Орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті Қыпшақта құрылған түрік мемлекеті. Экономикалық және әскери күш-қуаты толысып мәдениеті өркендеген кезеңде (XIII-XIVғғ) мемлекет жерінің көлемі 10 млн км2-ден асты. Батыста Дниестрге, Шығыста Ертіске, оңтүстікте Солтүстік Кавказға дейін жетті. Орыс княздықтары да Алтын ордаға тәуелді болды. Бату хан тұсында астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып кейін Берке сарайына (Сарай әл-Жадид) көшірілді.

Алтын Орданың негізін салушы Бату хан (1242-1256) өз билігі кезінде Жошы Ұлысын Шыңғыс ханның Яса заңдарына сәйкес басқарды. Сондықтан, ол өз ұлысындағы барлық діндерге ерік беріп, олардың кеңінен таралуына мүмкіндік жасады. Әртүрлі халықтар, діндер мекендеген Дешті Қыпшақ даласын Жошы әулетінің бір мемлекетке біріктіруі және ондағы қауіпсіздік пен тыныштық, дамыған канондары мен идеологиялары бар әлемдік моноатеистік діндердің осы жерде тамыр жаюына мүмкіндік берді. Бату хан өлімінен кейін, оның орнына христиан дінін ұстанушы Сартақтың келуі, Ордадағы мұсылмандардың абыржуына себеп болды. Өйткені Сартақ ханның мұсылмандарға деген өшпенділігі бүкіл Ұлысқа белгілі еді. Оның үстіне ол Исламды ұстанушы өзінің немере ағасы Беркені «сен мұсылмансың, ал мен христианмын, сондықтан мен үшін сенің жүзінді көрудің өзі жиіркенішті» – деп қабылдамай тастауы және Бату хан кезінде маңызды мемлекеттік лауазымда отырған мұсылмандарды шеттетуге тырысуы, сондай-ақ үлкен жеңілдіктерге ие болып отырған мұсылман саудагерлерін құдалауы және осы істердің бәрінде оның Орыс князі Александр Невскийге және басқа да христиандарға иек артуы, көпшіліктің Берке ханды қолдауына себеп болды.

● АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Белсенді өмір – жүз жастық зұмыр

Зейнет жасы – өмірдің аяқталуы емес, жаңа белестердің, жаңа мүмкіндіктердің басталатын шағы. Осы идеяны ту еткен аудан орталығында құрылған «Белсенді ұзақ өмір орталығында» екі жүздей зейнеткерлер өз денсаулықтарын нығайтып және түрлі жады жаттықтыру, дамытумен ғана шұғылданып қоймай, әр түрлі іс – шараларға да белсене араласып, өздерінің іскеріліктерін танытып, белсенділік көрсетуде. Соның дәлелі ретінде жақында орталықта «Белсенді өмір – жүз жастық ғұмыр» атты салтанатты ашық есік күні өтті. Мерекелік іс-шараға аудан ақсақалдары, ардагерлер мен жергілікті тұрғындар белсене қатысты.



Жиынның салтанатты бөлімін орталық басшысы Ақпаржан Маденұлы ашып, мекеменің негізгі мақсаты мен болашақ жоспарларына тоқталды. Одан әрі құттықтау сөз кезегі ауданымыздың Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нүрсейітовке, облыс пен ауданның Құрметті азаматы Сайдахмет Қасымовқа және ауданымыздың құрметті зейнеткері Серік Қапаровқа берілді. Ардақты ағаларымыз пен апаларымыз орталықтың аға буын өкілдерінің денсаулығын нығайтып, бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы маңызын атап өтіп, жылы лебіздерін білдірді. Мерекелік бағдарлама рухани әрі рухани-жаны бар өнер көрсетілімдерімен жалғасты. Орталықтың хор ұжымы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін орындап, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, орталық қатысушыларымен шағын сұхбат жүргізіліп, олар өздерінің орталыққа қашан келгені, тапқан достары мен өмірлерінде болған оң өзгерістері туралы жүрек жарды пікірлерімен бөлісті. Қонақтар арасында «Жалғастыр» мақал-мәтелдер ойыны ұйымдастырылып, жиналғандар тапқырлықтарын танытты. Іс-шара барысында салауатты өмір салтын насихаттайтын бағыттар кеңінен таныстырылды. Жатаған әрі салауатты жаттығулар бұрышында скандинавиялық жаяу жүру

нұсқаушысы Нұрәлі Нұрсапа, емдік дене шынықтыру нұсқаушысы Бакберген Исмаилов, йога нұсқаушысы Юлтузай Махаметова арнайы шеберлік сағаттарын өткізіп, қонақтарға сергектік сыйлаған жеңіл жаттығулар кешенін көрсетті. Бұдан өзге, қонақтар шығармашылық және интерактивті алаңдарға қатысуға мүмкіндік алды. Онда еңбек терапиясы бойынша қолөнер бұйымдары жасалып, тоғызқұмалақ ойынының ережелері түсіндірілді. Шараның психологиялық бөлімінде психолог Адэлина Васильева қатысушыларға жүрекшелер таратып, «Мен бүгін сізге тілеймін...» атты тренинг өткізді. Қатысушылар бір-біріне ақ тілектерін айтып, ортада шынайы жылулық орнады. Мерекелік кеш барлық өнерпаздардың қатысуымен орындалған салтанатты қорытынды әнмен аяқталды. Белсенді ұзақ өмір орталығының есігі барлық аға буын өкілдері үшін әрдайым ашық! Мұнда дене шынықтыру, скандинавиялық жүріс, цигун, йога, вокал, би, тоғызқұмалақ, еңбек терапиясы, IT-сауаттылық және басқа да көптеген қызықты үйірмелер жұмыс жасайды. Жаңа достар, жаңа қызығушылықтар мен жаңа мүмкіндіктер сіздерді күтеді! **Н. БАЙСЕРКЕЕВА, аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі төрайымы.**

салғандығын жеткізеді. Жалпы, мұсылман деректерінің барлығы оның өте діндар болғандығын, бес уақытын қаза қылмағандығын жеткізеді. Кейіннен Бұхара қаласындағы белгілі сопы, шейх Сайф-ад-Дин Бохарзидың ықпалымен, оған мүрид болып, ханафи мазһабын ұстана бастайды. Оның кезінде мұсылмандар Бату ханның уақытында ие болған, бүкіл лауазымды мемлекеттік орындарды сақтап қалды. Осыдан бастап, бұл жағдай Алтын Орданың соңғы күндеріне дейін жалғасын тапты. Мемлекет қазынасының негізін құрайтын сауда ісінде де, Берке толықтай мұсылман саудагерлеріне еркіндік беріп қойды. Сыртқы саясатта да, Исламдық бағытты ұстанған ол, 1260/61 жылдары Хулагу мен соғысып жатқан Мәмлүк сұлтаны Бейбарысқа елші жіберіп, онымен Хулагидтерге және олардың одақтасы Византияға қарсы әскери одақ құрды. Сол жылы үлкен әскермен Кавказға басып кіріп, Кура өзенінің маңында Хулагилердің армиясын толықтай дерлік жойып жіберді. Бұл әрекет өз кезегінде Хулағудың бүкіл күшін Египетке жұмылдыруына мүмкіндік бермей, оның екі майданда соғысуына алып келді. Осылайша ол өзін халықаралық аренада Ислам әлемін қорғаушы ретінде көрсете бастады. Берке ханның мұндай мұсылмандық саясаты тез арада өз нәтижесін көрсете бастады. Жошы Ұлысындағы қалаларда мешіттер мен медреселер салынып, олардың бейнесі Ортаазиялық стильдегі мұсылмандық қалаларға айнала бастады. Беркенің жақын туыстары мен оны қолдаушы ақсүйектер және жеке әскері түгелдей дерлік мұсылмандыққа өтті. Өзінің ұстазы сопы Бохарзиге және басқа да сопыларға,

бүкіл Жошы Ұлысының аумағында, дін уағыздауға еркіндік беріп, олардың қауіпсіздігін өз мойнына алды. Сөйтіп, Берке ханның хан тағына отыруы, Алтын Ордадағы Исламның тез арада таралуына ықпал еткен негізгі факторлардың біріне айналды. Берке ханнан кейін таққа келген Менгу-Темір (1266-1280) мұсылман болмаса да, Берке салып кеткен, мемлекет саясатында ешқандай өзгерістер енгізген жоқ. Мұсылмандар биліктегі өз орындарын сақтап қалды, бірақ сонда да Берке хан кезіндегідей қолдау болмағандықтан, Исламның таралуы біраз бәсеңдеп қалды. Ал осыдан кейін таққа келген Туда-Менгу (1280-1287) мұсылман болды және ол өзінің асқан діндарлығымен ерекшеленді. Өзінің айналасына сопылар мен дін адамдарын жинап алған ол, мемлекет ісін толықтай беделді түменбасы, Алтын Орданың батыс бөлігінің билеушісі Ноғайға беріп қойды. Ал соңында тіпті хан тағынан өз еркімен бас тартып, сопылық жолға түсіп кетті. Оның орнына хан болған інісі Төле-Бұқа (1287-1292) Ноғайдың және беделді ақсүйектердің қуыршағы болғысы келмей, оған қарсы соғыс бастайды. Бірақ бұл соғыста Ноғай жеңіске жетіп, хан тағына Тоқтааны (1292-1312) отырғызды. Осылайша XIII ғасырдың соңында, билікті түменбасы Ноғай толықтай өз қолына алды. Оның бұлайша елдегі ең ықпалды адамға айналуының бірнеше себептері болды. Бұған дейінгі хандардың мемлекеттік билікті толықтай өз қолдарына алып, елді орталықтандыруға тырысып, көшпелі тайпа ақсүйектерінің құқығын шектей бастауы, әрі бұл жолда Ұлыстағы мұсылмандарға иек артуы, сондай-ақ мұсыл-

мандық саясатты ұстанып, билікте де мұсылмандардың көп болуы, әлі де болса ықпалы үлкен, тәңіршілдіктен бас тарта қоймаған, дәстүршіл топтардың ашу-ызасын тудырды. Олар Ноғайдың айналасына жиналып, хандық билікті әлсіретуге тырысты және бұл олардың қолынан келді. Алайда Ноғай басшылығындағы феодалдардың билігі, ұзаққа созылмады. Бұл орын алған жағдайтқа билік уысынан шығып бара жатқан мұсылмандар да, Исламды қабылдаған ақсүйектер де, біреудің қуыршағына айналған Бату ұрпақтары да наразы болды. Сөйтіп, олардың бәрі Тоқта ханның айналасына жиналып, Ноғайға қарсы ашық күрес бастады. Бұл соғыс 1299-1302 жылдары аралығында болып, нәтижесінде Тоқта толықтай жеңіп шықты. Тоқта ханның дініне келсек, ол алғашында тәңіршілдікті ұстанғанымен хандық құрғанға дейін Исламға өткені анық. 1293 жылы соғылған тиында оның аты Насир-ад-Дин Аллах (Алланың досы) деп беріледі. Тоқта хан өз билігі кезінде әлсіреп қалған хандық билікті күшейтіп, Алтын Орданы әртүрлі ұлыстарға бөлініп кетуден сақтап қалды. Осылайша ол өзінен кейін билікке келетін, Өзбек ханға мықты іргетас құрып береді. Жалпы, мұсылмандықты ашық қолдаған Беркеден кейін келген бұл хандар, Исламды ашық түрде қолдамағанымен, оның таралуына барынша жағдай жасап берді. Ел билеуде олар әрқашан мұсылмандарға иек артты. Сыртқы саясатта да әрқашан Мәмлүктік Египетпен достық қарым-қатынаста болып, өзін Исламды қорғаушы ретінде танытты. Сондықтан болар, сол кездегі мұсылман авторларының ешқайсысы, Жошы Ұлысын «дар-ул Харб» (кәпір мемлекеті)-қа жатқызбаған.

Ғаламтор желісі бойынша дайындаған
Роза АЙДАРБЕКОВА.

● ҮЛГІЛІ ОТБАСЫ

Берекесі мен бірлігі жарасқан отбасы – қоғамның берік іргетасы, елдің ертеңін айқындайтын басты құндылық. Кеген өңірінде осындай өнегелі өмірімен көпшілікке үлгі болып жүрген жандар аз емес. Солардың бірі – Бақашовтар әулеті. Бұл отбасы – Кеген ауданының ғана емес, өңірдің мақтанышына айналған әулет. Үлгілі шаңырақ «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде І орын иеленіп, жеңімпаз атанды.

КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛДЫ

Отағасы Ерлан Асқарқожаұлы туралы сөз қозғасақ, ол 1958 жылы 10 маусымда дүниеге келген. 1975 жылы Кеген ауылындағы орта мектепті тәмамдаған. 1976-1978 жылдар аралығында әскер қатарында болды. Әскери борышын өтеп келген соң Талғар қаласындағы ауылшаруашылық техникумында оқып, білімін жетілдірді. Туған ауылына келіп, «Сельхозхимия» мекемесінде инженер болып еңбек жолын бастады. Мекеме жабылып қалған соң, 1995 жылы Кеген ауданы Ө.Жанабаев атындағы орта мектепке жұмысқа орналасты. Сырттай Алматы индустриалды педагогикалық академиясына түсіп, еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мамандығын алып, оқушыларды еңбекке баулыды. 63 жасында аталған мектептен зейнеткерлікке шықты. Қазір аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының белсенді мүшесі.



– Отбасының тірегі – сенім мен бірлік. Зайыбым Дәмелі екеуміздің шаңырақ құрғанымызға қырық жылдан асты. 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, өсірдік. Бәрі де жоғары білім алды. Кіші ұл мен келімімнің қолында тұрғанымызға 12 жыл болды. Биыл ойда жокта «Мерейлі отбасы» ұлттық

берекесін кіргізіп, шаңырақтың ынтымағы мен жылуын сақтап келе жатқан асыл жанның өнегелі жолы – кейінгі буынға үлгі. Ол 1980 жылы мектепті бітірген соң Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтына оқуға түседі. 1985 жылы Кеген ауылындағы С.Серкебаев атындағы мектеп-гимназиясына бастауыш сынып мұғалімі болып орналасып, 2024 жылы зейнеткерлікке шықты. Ұлт болашағын тәрбиелеудегі ұзақ жылғы еңбегі үшін Дәмелі Мұқатайқызы «Үздік ұстаз», «Ұлағатты ұстаз», «Еңбегі сіңген қайраткер» төсбелгілерінің иегері атанды. Ерлан аға мен Дәмелі апайдың шаңырағы – ұрпақ тәрбиесін өмірлік ұстанымына айналдырған өнегелі әулет. Өздері көрген тәлім-тәрбиені балаларының бойына сіңіріп, елге қызмет етуді, адал еңбек пен адамгершілікті басты құндылық ретінде қалыптастырған. Бүгінде Бақашовтар әулетінің перзенттері білім беру, денсаулық сақтау, төтенше жағдайлар қызметі, коммуналдық сала және өндіріс салаларында абыройлы еңбек етіп, қоғам игілігіне үлес қосып келеді. Сонымен қатар Ерлан Асқарқожаұлы өмірден өткен ағасының қызын өз қамқорлығына алып,

туған перзентіндей тәрбиелеп өсіргені – отбасының кең пейілі мен адамгершілік қасиетінің айқын көрінісі. Көпбалалы Бақашовтар отбасының еңбекқорлығы, отбасылық құндылықтарды сақтауы, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуі, қоғамдық белсенділігі көпшілікке үлгі болып келеді. **Өз тілшімізден.** Кеген ауданы.

● МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

ҚАРЫНДАСЫМ-ҚАРЛЫҒАШЫМ

Екі көзіңнің бірі, жарық сәулені көргеннен бір дастарханнан дәм татып, тел қозыдай бірге өскен қарындасың, қарлығашыңнан айрылу қандай қиын десеңші. Жүрегің езіледі. Қабырғаң сөгіледі. Ел-жұртыңның, ағайын, құданың қайғыңды бөлісіп, сабырға шақырғанынан кейін дүрсілдеп соққан жүрек қағысы сәл басылғандай болады.

Қазалы жиынға, алыс-жақыннан келген жамағатта есеп жоқ. Құт қонып, бақ дарыған Қарасаз ауылының үлкен-кішісі тайлы тұяғымен келген. Қазақтың дүлдүл ақыны Сүйінбай бабамыз айтқандай, «Жақсы жанда жаттық жоқ, бәрін бірдей көреді бауырындай» – деп, осы ауылға қоныстанғалы бері алысты жақындатып, үлкенге құрмет көрсетті. Өсті, жетілді. Мұқтаж және тұрмыс қиыншылықтарына тап болған жандарды күйеуі Еділ екеуі қолтығынан демеді. Ешкімді бөліп жармады. Жатты бауырына басты, құшағын жайды.

Кеше ғана Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойында көптің бірі, әрі бірегейлер қатарында аталып, Алматы облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған еді. Сол жерде кездесіп, ағалы қарындас екеуіміз қуанышты бөліскен едік.

Осыншама құрмет көрсетіліп жатқан Дариға Асылбекқызы Саламатова кім еді? Отбасымыз сонау бір ел басына қара бұлт үйірілген зұлмат жылдары тағдыр тәлкегіне түсіп қиыншылық көріпті. Әжеміз Балапан үйелмелі, сүйелмелі ұл-қызын Көміршіден Ұйғыр ауданындағы төркініне апарып, бас сауғалапты. Бауыры Бексырға сол жылдары мұғалім болып жұмыс істеген екен. 1935 жылдардан бастап Кетпен ауылындағы мектепке директор болып тағайындалып, өзін іздеп келген бауырының бала-шағасына қамқорлық жасап, оқытып, көмегін көрсетті.

Балапан әжемізді ауыл аймақ «Ақеже» дейтін. Себебі, жарықтық үнемі эппақ көйлек киіп, басынан зерлі кимешегін тастамай, мұнтаздай таза жүретін. Мені, Дариғаны да 3-4 жасынан бастап құшағына алып Алпамыс, Қобыланды батыр, Ер Тарғын, Зылиқа-Жүсіп, тағы басқа дастандарды жатқа айтып құлақ құрышымызды қандыратын. Қарындасым екеуіміздің әдебиетті сүйіп өскеніміз, шығармашылыққа бейім болғанымыз

әжеміздің тәрбиесінің ықпалы болуы керек.

Екеуіміздің де еңбек жолымыз Калинин атындағы 8 жылдық мектептен басталды. Мен 1964 жылы 10 сыныпты бітірген соң С.М.Киров атындағы университетінің филология факультетінде орыс бөліміне оқуға түстім. Мектепте орыс тілі пәнінен сабақ бердім. Кейін редакцияға қызметке ауысқаннан кейін журналистика факультетінде оқуды жалғастырдым. Қарындасым да Абай атындағы пединституттың филология факультетін бітірді. Мектепте аға пионер вожатый, онан соң аудандық пионер үйінің методист, директор қызметтерін атқарды. Қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді. Тұрмыс құрғаннан соң Қарасаз мектебіне ауысты. Дариғаның іскерлік, ұйымдастырушылық және балаға деген ерекше сүйіспеншілігін, ақкөңілін байқаған мектеп басшылары оны жаңадан ашылған ата-ана қамқорлығынан шектеген және жетім, жартылай жетім балаларға арналған интернатқа меңгеруші етіп тағайындайды. Міне осы қызметті зейнет демалысына шыққаннан кейін де біраз жыл бойы мүлтіксіз атқарды.

Мұқағали Мақатаев атындағы музейдің директоры Ерлік Мұқаметжанұлы қаралы жиында Дариғаның өмірбаянын және еңбек жолын тебіріне баяндады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген емес пе бабаларымыз. Әсіресе, дүниеден өткенге ол да – көрсетілген құрметтің бірі. Ахметовтың айтуынша, «Дариға оқушыларға дәріс бере жүріп оларды өнер білімге баулыған, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттырған. Ауданда тұңғыш рет осы мектепте айтыс сыныбын ашқан. Ертеңнен кешке дейін мектепте жүріп қас қарая үйіне келгенде Еділ ағамыз сабырлы қалпымен жымиып қана «Дариға, үйді де ұмыта бастадың ғой» дегенде, екеуі артық сөзге бармай бірін-бірі түсінісіп жататын.



Шаңырақтағы барлық ішкі жұмыс ауыртпалығы күйеуі Еділдің мойнында болатын. Ол да – ұстаз, еңбек пәнінің мұғалімі. Техниканың тілін жетік біледі, бес аспап маман. Оған қоса өзінің жеке шаруа қожалығының да жұмысын тындырып жататын» – деді ол сөзін жалғастырып.

Дариға мектепте осылайша тыным таппайтын. Алған бетінен қайтпайтын. Оқушыларға ақысыз қосымша сабақ жүргізіп айтыс өнерінің қыр, сырын үйретті. Тек өз ауылынан ғана емес, көршілес Шалкөдедегі мектептен де Жұматай Оспанов, Бақыт Жағыпаров сияқты балалар аттылы, жаяу айтыс сабағына қалмай келіп жүрді. Бүгіндері олар – орақ тілді, от ауызды қызыл сөз иелері. Радио хабар және баспасөз саласында жемісті еңбек етіп жүр. Дариға бірте-бірте «Драма», «Поэзия» үйірмелерін ұйымдастырды. Осы үйірмеден тәлім алған Салтақова Жанар ҚазҰУ-дың Шығыс филология факультетін бітірді, М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер университетінің жетекші ғылыми қызметкері, педогогика ғылымының кандидаты. PhD докторы. Өтеева Арай журналист, Есенова Мақпал – филолог, Әбдіқадыр Айдоос-өнер маманы, Иманқұлов Айбек, Өтебаев Қуаныштар-актер. Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының бейнесін сомдаған Дайыров Еркебұлан да – Дариғаның шәкірті.

Қарындасым ұстаздықты тәлімгерлік басшылық жұмысымен де ұштастыра білді. 1992-2004 жылдары Нарынқол өңірінде бірінші рет ашылған интернатқа меңгеруші

болып тағайындалып, оның іргетасын қалады. Жоқтан бар жасады. Олай дейтініміз, тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдары көптеген оқу орындары онтайландыру салдарынан жабылып қалды. Бұл қиыншылық интернатқа ауыр тиді. Тәрбиеленушілердің көпшілігі жетім, асыраушысы жоқ балалар болатын. Олардың барар жері, басар тауы жоқ қаракөздер. Енді не болмақ? Тентіреп далада қалатын болды. Қай мекеменің есігін ашса, «қаржы жоқ» – деп алақандарын жаяды. Осындай ауыр кезеңде Дариға бар күш жігерін жұмсап, интернаттың жабылып қалмауының қамын жасады. «Жетім көрсең, жебей жүр» демей ме дана халқымыз. Мектеп директоры Әділжан Нөкеевпен ақыл қосты. «Жазда таяды. Жайлау іргемізде, Ауасы жұпар, суы таза, шөбі шүйгін жайлауға бірнеше киіз үй тігейік. Жұмысқа жарамды балаларды іріктеп шаруаларға көмектесейік» деген шешімге келді. Осылай алғаш тіршілікті бастап, қыстың қамын жасады. Ауыл тұрғындары шама-шарқынша көмегін көрсетті. Біршама азық-түлік қорын жинап алды. Интернатта монша да жоқ. Балаларды үйіндегі моншаға әкеліп жуындырып, мүмкіндігінше таза киім киіндірді. Аналық мейірімін төгіп қамқорлығына алды. Кей күндері солармен бірге таң атырып, кеш батырды. Осының барлығын ел көрді. Сүйсінді. Ара тұра мектепке келген комиссияларда сауапты жұмысты көріп ризашылығын білдіріп жатты. Осыдан бастап оқу бөлімі, әкімдік басшылары еріксіз мойын бұрды. Аздап

болса да бюджеттен қаржы бөліне бастады. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» дегендей, азамат болып ауылда қалған іздері жоқ жетім балалардың бірнешеуін үйлендіріп, үйлі, баранды болуына көмектесті. Мұндай мәрттік Дариға мен отбасының ғана қолынан келді. Бүгіндері олардың балаларына дейін Дариғаны анасындай, Еділді әкесіндей көреді. Алдыларынан қия өтпейді. Дариғаның қайтыс болғанын естігеннен бастап, егілін жылап, жаны қалмай қызмет жасап жүрді.

Қарындасымның ақын не жазушы болып кітаптары шықпаса да Еркін, Ерекең аға секілді өзінің сіңілілеріне үйленген күйеу жігіттермен сөз қағыстырып ақындардың шумақтарына өткір де өрнекті өлең жолымен жауап қайтарып, есесін жібермейтін. Қазақ әдебиетінің байлығына жол ашып оның қадір қасиетін терең меңгеруге жағдай жасаған ұстазының еңбегі жайлы шәкірті Арай Өтеева «Дариға – жүрек» деген тақырыппен кең көлемді эссе жазды. Журналист Жүнісбайқызы ол жайлы «Қырық шырақ» атты мақала жариялады. Бұл да – ұстаз еңбегінің бағалануы.

Дариғаның өзі де шабыты келгенде анда-санда қалам алып өлең жазып тастайтын. Оның бірнешеуі баспасөзде жарияланды.

Дариға Саламатованың өлшеусіз еңбегін әріптестері, шәкірттері, ауылдастары қалай жоғары бағаласа мемлекет тарапынан да лайықты құрметке ие болды. Райымбек ауданының «Құрметті азаматы», Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» бірнеше медальмен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚР Оқу министрлігінің, басқа да басшы ұйымдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Оған көрсетілген ең үлкен қымбат құрмет – ауылдастардың ыстық көңілі. «Сұм ажал Дариғдай асыл жанды арамыздан алып кеткенімен оның ерен еңбегі, қайырымдылығы, ұлағатты сөздері, есімі мәңгілік жадымызда сақталды. Абыройы Алатаудай биік», – деген ауылдастарының айтқан сөзін өзгертпей жазып отырмын. Бұл да қарындасыма орнатылған мәңгілік ескерткіш деп білемін. Жаның жәннатта болсын.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ,
Алматы облысының
«Құрметті ардагері».

● АКТИВНОЕ ДОЛГОЛЕТИЕ

НОВАЯ ЖИЗНЬ СТАРЫХ ВЕЩЕЙ

Весной с.г. в селе Мерей Умтылского сельского округа Карасайского района широко отметили первую годовщину со дня открытия местного филиала «Центра активного долголетия». Областная газета «Алатау Ардагеры» посвятила этому событию солидную публикацию «Старость в радость».

На организованной тогда в ДК выставке мастеров прикладного искусства, помнит-ся, было много интересных участников, но в силу ограниченности газетных площадей тогда не удалось обо всех рассказать подробнее. Мы пообещали вернуться к ним позже и сегодня устраним этот пробел.

Итак, знакомьтесь: Ратеева Светлана Азимовна. Родилась в 1954 году в г. Кингисепп Ленинградской области. Детство и юность прошли в Ташкенте, по месту службы отца, сотрудника МВД. Обучалась на архитектурном факультете Ташкентского политехнического института. Нескільки лет проработала старшим техником-конструктором в проектном НИИ. Затем замужество, семья. С 1977 года живет в Казахстане, в с Мерей, Кара-

сайского района, по месту жительства мужа. Окончила дополнительно декоративно-прикладное отделение Каскеленского колледжа культуры. Педагогический стаж – 31 год. Работала в средней школе им. Макаренко, учителем ИЗО (изобразительное искусство) и черчения. Сейчас на пенсии, но ведет кружок изобразительного искусства при ДК с. Мерей.

Мы попросили нашу героиню рассказать подробнее о своих работах и Свет-

лана Азимовна любезно согласилась:

«Такой вид творческой деятельности называется «Ассамбляж». От французского «сборка, соединение». В этой технике создаётся единая ком-



позиция из объёмных и разнородных предметов. Это могут быть ветки, камни, ракушки, пуговицы, бижутерия... и т.п. Получается, используя не нужные вещи, мы дарим им новую жизнь. Очень интересная техника, позволяющая свободно экспериментировать с материалом и идеями. Заставляет по-новому взглянуть на привычные предметы. Начали мы этим заниматься в школе, где

я работала, в кружке «Радуга». Дети приносили «ненужные» предметы, и мы начинали колдовать... Полет фантазии и воображения очень помогал. Нашли нетоксичный клей, работали на плоскости. Потом появились объёмные работы из ракушек, орехов, шишек, пуговиц, старых часов, перегоревших гирлянд, бижутерии, и даже хвостики от тыквы пригодились и т.д. Работу свою стараемся выполнять так, чтобы она была выразительной. Тогда получаются целые персонажи, со своим характером. Например, долго искала нос для задиристого петуха, а подошёл хвостик от тыквы. И барашку (смотрите фото) для носа подошёл».

Как признается Светлана Азимовна, общее количество выпускников за десятки лет она даже и не считала. Но точно знает, что среди них немалое число, кто успешно трудятся по специальности Архитектура и Дизайн. Есть ребята выбравшие ювелирное дело. И резюмирует: «Заниматься таким творчеством доступно каждому. Человек по-новому начинает воспринимать окружающий мир, замечать прекрасное в том, что раньше казалось обыденным. Жизнь становится интересней. А главное, человек испытывает радость от своего творчества!»

Рамазан ЕЛЕШЕВ.
село Мерей, Карасайского района.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Ұнды фортификациялау – халық денсаулығын нығайтудың маңызды қадамы

Дұрыс тамақтану – адам денсаулығының негізгі кепілдерінің бірі. Ағзаның қалыпты жұмыс істеуі үшін дәрумендер мен минералды заттар жеткілікті мөлшерде қажет. Алайда күнделікті тағам құрамында кейбір маңызды микроэлементтер мен дәрумендердің тапшылығы байқалуы мүмкін. Осындай тапшылықтың алдын алудың тиімді тәсілдерінің бірі – ұнды фортификациялау.

Фортификациялау – тағам өнімдерінің құрамын адам ағзасына қажетті дәрумендер мен минералдармен байыту. Ұнды фортификациялау кезінде оның құрамына, ең алдымен, темір және бірқатар дәрумендер қосылады. Бұл әдіс халық арасында кеңінен тұтынылатын үн өнімдері арқылы қажетті микронутриенттерді тұрақты түрде алуға мүмкіндік береді.

Ұнды фортификациялаудың басты мақсаты – темір тапшылығы мен темір тапшылықтың анемияның алдын алу. Темір адам ағзасында қан түзілу процесіне, оттегінің ұлпаларға жеткізілуіне және қалыпты жұмыс істеуіне маңызды рөл атқарады. Темір жетіспеген жағдайда адамның әлсіздігі, тез шаршауы, жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуі сияқты белгілер байқалуы мүмкін.

Әсіресе балалар, жасөспірімдер, жүкті әйелдер және бала емізетін аналар үшін ағзаға қажетті дәрумендер мен минералдардың жеткілікті болуы аса маңызды. Сондықтан ұнды фортификациялау – халықтың осал топтарының денсаулығын қорғауға бағытталған профилактикалық шаралардың бірі.

Фортификацияланған ұннан дайындалған нан және басқа да үн өнімдері күнделікті тұтыну барысында ағзаға қажетті микроэлементтерді жеткізудің қолжетімді жолы болып табылады. Оның тағы бір артықшылығы – өнімнің сыртқы түрі мен дәмін айтарлықтай өзгертпей, тағамдық құндылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, ұнды фортификациялау – микронутриенттер тапшылығының алдын алуға бағытталған қарапайым әрі тиімді қоғамдық денсаулық сақтау шарасы. Күнделікті тұтынатын өнімдерді пайдалы дәрумендер мен минералдармен байыту арқылы халықтың денсаулығын жақсартуға және болашақ ұрпақтың дені сау болып қалыптасуына жағдай жасауға болады.

Дені сау ұлт – ел болашағы. Ал дұрыс тамақтану мен аурудың алдын алу – әр адамның денсаулығына жасалған маңызды инвестиция.

Адам папиллома- вирусының алдын алу



Адам папилломавирусы (АПВ) – кең таралған вирустық инфекциялардың бірі. Вирустың кейбір түрлері адам ағзасында ұзақ уақыт сақталып, жатыр мойны обыры сияқты қауіпті аурулардың дамуына себеп болуы мүмкін.

Адам папилломасы вирусының берілу жолдары:

1. туу кезіндегі тік жол – туу арнасынан өту кезінде анадан балаға. Сүйелдер көбінесе өмірдің алғашқы жылдарында нәрестелердің аузында немесе терісінде пайда болады.

2. жыныстық – онкогенді вирус түрлері, жыныстық жолмен берілсе, жыныс мүшелерінде сүйел пайда болады. Жыныс мүшелерінде орналасқан.

3. жанасу және күнделікті жол – қол алысу, сүйісу, терінің зақымдануы арқылы. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға – сауналарға, ванналарға, спорт залдарына, бассейндерге, дәретхана-ларға барған кезде абай болу керек.

4. өзін-өзі жұқтыру арқылы - көбінесе қырыну немесе эпидемиология кезінде АПВ дененің бір бөлігінен екіншісіне өтеді.

АПВ инфекциясының алдын алудың тиімді жолдарының бірі – вакцинация. Вакцина ағзаның вирусқа қарсы қорғанысын қалыптастырып, АПВ-мен байланысты аурулардың даму қаупін төмендетуге көмектеседі.

Сонымен қатар жеке бас гигиенасын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау және медициналық профилактикалық тексерулерден уақытылы өту маңызды.

Ата-аналар балаларының денсаулығына жауапкершілікпен қарап, АПВ-ға қарсы вакцинация туралы медицина мамандарынан толық әрі дұрыс ақпарат алғаны жөн.

Аурудың алдын алу – денсаулықты сақтаудың ең тиімді жолы. АПВ-дан қорғану арқылы болашақ ұрпақтың денсаулығына қамқорлық жасайық!

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының

бүгінгі санның таралымы – 4327

Тапсырыс №2141

Индексі – 65472.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәрбие отбасынан басталады

Жақында Іле ауданы Байсерке ауылдық округінде «Асыл аналар» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған тәрбиелік мәні зор «Берекелі отбасы – бақытты ұрпақ» тақырыбында ауқымды іс-шара өтті. Бұл іс-шараны округтегі «Асыл аналар» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, ардақты зейнеткер, ұстаз Қаппа Баданова өзі ашып, жүргізіп отырды.

Ауылдағы «Ақбота» балабақшасының ғимаратында өткен шарада кең зал қазақи жиһаз, ыдыс-аяқ, киім-кешектермен безендірілген. Ортада ақ дастарқан жайылып, үстіне ұлттық тағамдар қойылған. Дастарқанды айнала бір отбасы толығымен жайғасқан. Төрте ақсақалды ата, ақ жаулықты әже, ұлы мен келіні және немерелері отыр. Дастарқанға бата жасалды. Осы отбасылық көріністі басынан аяғына дейін округтің беделді ақсақалы Отарбаев Кендебай отбасымен бірге шынайы сомдап шықты.

Ешқандай жасандылықсыз, күнделікті отбасында болып жататын оқиғаларды шынайы көрсетіп берді. Атаның ақ батасы, ақ әженің ұрпағына деген

шынайы тілегі естілді. Атасы немересіне жеті атасын үйретіп, оның мағынасын тәпшітеп түсіндірді. Тоғызқұмалақ, асық ату сияқты ұлттық ойындардың қалай ойналатынын немерелеріне көрсетіп, жол сілтеп отырды. Әрбір қазақ отбасында болуы тиіс тәлім-тәрбие, дәстүр мен салт, ырым мен тыйымның бәрі қамтылды.

Бірінші бөлімде бір шаңырақ астында ұйысып өмір сүріп жатқан жанұяның әдемі, көркем образын жасап шыққан Кендебай ақсақалдың отбасы үлкен жауапкершілікпен күнделікті өмірді әдемі көрсетіп берді. Іс-шараның екінші бөлімі Байсерке ауылындағы №9 орта мектепте өтті. Мектептің акт залы мен сахнасы



әдемі қазақи нақышта безендірілген. Бұл бөлімде ата мен әженің қаладағы балалары мен немерелеріне қонаққа келген сәті көрсетілді. Балалары мен немерелерінің ата-әжесінің алдынан шығып қарсы алуы, амандасуы, келіннің сәлем салуы, үлкендердің қолына су құюы сияқты ізетті көріністер ұсынылды.

Атасы қаладағы немересіне өзі өріп әкелген қамшыны сыйға тартып тұрып, қамшының қасиетін, оның қалай өрілетінін, қанша өрім болатынын түсіндіріп үйретті. Ақ жаулықты әжесі немере қызына сырмақтың қалай сырылатынын, ою-өрнектің түрлерін және қай жерде қай өрнек қолданылатынын үйретіп отырды. Сөз арасында тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер айтылды. Ең бастысы, бұл бөлімде де таза қазақи ұлттық тіл сақталып, көрермен мен тыңдарманның

көңілін бір маркайтып тастады. Екі сағатқа созылған іс-шарада қазақ отбасының тәлім-тәрбиесі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен тілі мақал-мәтелдер арқылы өте әдемі жеткізілді.

Шара соңында қорытынды сөз алғандар бір ауыздан өте жоғары баға берді. Қорыта айтқанда, ұйымдастырушы «Асыл аналар» қоғамдық ұйымының төрайымы Қаппа Баданова ұзақ жылдар бойы бала тәрбиесі саласында, бірнеше мектепте басшылық қызметте болғанын және жас ұрпаққа әлі де айтары мол екенін көрсете білді.

«Алтын кездік қап түбінде жатпас» дегендей, Қаппа Әділжанқызының қоғамға қосар үлесі әлі де көп деп ойлаймыз.

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ,
ақылдастар кеңесінің мүшесі.
Байсерке ауылы.

ДЕНСАУЛЫҚ ЗОР БАЙЛЫҚ

Санитариялық – эпидемиологиялық қызмет: халық игілігі жолындағы қажырлы еңбек!

Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын мемлекеттік қызмет салаларының бірі. Бұл бағытта қызмет атқаратын мамандардың басты міндеті – адам денсаулығына қауіп төндіретін факторлардың алдын алу, санитариялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және халық арасында аурулардың таралу қаупін төмендету.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мамандары күнделікті өз қызметінде үлкен жауапкершілікпен жұмыс істейді. Олар санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды бақылау, профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, инфекциялық және жұқпалы емес аурулардың алдын алу бағыттарында маңызды жұмыстар атқарады. Сонымен қатар, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі, ауыз судың сапасы, білім беру, медициналық және басқа да әлеуметтік нысандардағы санитариялық талаптардың орындалуы назарда болады.

Мемлекеттік қызметші үшін кәсіби біліммен қатар, адалдық, жауапкершілік, әдептілік және заң талаптарын қатаң сақтау аса маңызды. Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұмыскерлері тұрғындармен тікелей байланыста болғандықтан, әрбір азаматтың өтінішіне түсіністікпен қарап, заң шеңберінде сапалы қызмет көрсету



– олардың негізгі қағидаларының бірі.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының еңбегі көбіне көзге көрінбегенімен, оның нәтижесі халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айқын көрінеді. Әсіресе түрлі инфекциялық аурулардың алдын алу, эпидемиологиялық жағдайды бақылау және төтенше жағдайлардың алдын алу кезінде санитариялық – эпидемиологиялық қызметтің маңызы арта түседі.

15 қыркүйек – Санитариялық – эпидемиологиялық қызмет жұмыскерлерінің күні. Бұл кәсіби мереке 2025 жылдан

бастап елімізде санитариялық – эпидемиологиялық саланың мамандарына деген құрметтің белгісі ретінде аталып өтілуде.

Барша санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жұмыскерлерін кәсіби мерекесімен құттықтай отырып, еңбектеріне табыс, зор денсаулық, отбасыларына амандық және халық игілігі жолындағы қызметтеріне толағай жетістіктер тілейміз!

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ